

There are no translations available.



Мухатай Немеребаев - техника галымдарыны докторы, профессор, АМА академигі.

Мухатай Немеребаев 20 шілде 1947 жылы Талдықорган облысы (Алматы) Ақсу ауданы Жансүгіров ауылында шаруа жанвьясында дүниеге келген.

1956 жылы Жансүгіров ауылындагы В. Чапаев атындагы орта мектепке барып, оны 1966 жылы бітірген.

1966-1967 жылы аралыгында В. Чапаев атындагы совхозда жұмысшы болып еңбек атқарды.

1967-1970 жылы аралыгында Кенес Армиясы катарында азаматтық борышын өтеп қайтқаннан кейін, Ақсу кино торабында жұмыс атқарған.

1970 жылы Караганды политехникалық институтының құрылыс инженерлері факультетіне түсіп, оны 1975 жылы үздік дипломмен бітіріп, құрылысшы инженер мамандығын алған.

1974 жылы Кенестер Одағының «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

1974 жылы сәуір айында өткен Бүкіл Одақтық комсомолдың XVII-съезінің делегаты болған.

1975-1978 жылдары Шымкент қаласындағы химия-технологиялық институтына жолдамамен келіп оқытушы қызметін атқарды.

1978-1994 жылдары Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор м.а., деканның орынбасары.

1989 жылы М.И. Калинин атындағы Ленинград политехникалық институтында жұмыстан қол үзбей 01.02.06 - "Машиналардың, аспаптардың және аппаратуралардың динамикасы, беріктігі" мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған.

1993 жылы 01.02.00 - Механика мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған.

1994-1998 жылдары Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі институтында Механикаландыру және автоматтандыру факультетінің деканы қызметін атқарды.

1998-2003 жылдар аралығында М.Х.Дулата атындағы Тараз университетінің Тіршілік қауыпсіздігі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

2008 жылғы 1-сәуірде М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік

университетіндегі Д 14.23.01 диссертациялық кенестін мәжілісінде Композит материалдардан жасалған тор козді кұрылымдарды динамикалық кұштердін, температуранын және кұрылыстық әсерлерден есептеу әдістері тақырыбы бойынша 01.02.06 - "Машиналардын, аспаптардын және аппаратуралардын динамикасы, беріктігі" мамандығы бойынша докторлық диссертация корғап, КР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бакылау комитетінің 2008 жылғы 31 казандағы шешімен техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

2010 жылы 5 ақпанда 01.02.00 - Механика мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы берілген.

Жалпы зерттеп жүрген ғылым саласы бойынша 106 астам ғылыми әдістемелік макалалары жарық коріп, үш аспирантка жетекші болып, олардын жұмыстары жоғары бағаланып, ғылым кандидаттары атанды.

2003-2007 жылдары А.Ясауи атындағы Халыкаралық казак-түрік университетінің Тараз институтында Оқу-әдістемелік болім бастығы кызметін аткарды.

2006 жылы Казакстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің грамотасымен марапатталған.

Казакстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы беріліп, тосбелгісімен марапатталған.

2010 жылы «Казакстан Республикасының білім беру ісінің күрметті кызметкері» белгісімен марапатталынды.

2007 2008 жылдары А. Ясауи атындағы ХКТУ Тараз институтында Жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы кызметін аткарды.

2008 жылдын шілде айынан Тараз инновациялык-гуманитарлык университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметін атқарады.

Менеджменттің практикалық дамуына еңбегі зор сіңген және ірі ғалым ретінде 2012 жылы Аймақтық Менеджменттің Академиясының (АМА) академигі болып сайланған.